



ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ФОРУМЫ

АДАМИ КАПИТАЛ – ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ РЕСУРСЫ

25 ТАМЫЗ

«АДАМИ КАПИТАЛ – ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ РЕСУРСЫ»

Ғылым және жоғары білім форумы-2022 аясында:

«ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕН БҮГІНГІ КҮНГЕ ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ»

атты 7 томдық академиялық басылым
жөніндегі панельдік сессия





Қазақ босқындарының тарихын зерттеу мәселелері (1920-1930 жж.)

*Тілеубаев Шамек Баянұлы,
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология
институты директорының ғылыми жұмыстар
жөніндегі орынбасары м.а., тарих ғылымдарының
кандидаты*

- ❖ Кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихының (1917–1991 жж.) тарихындағы жан-жақты зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелердің бірі қазақ босқындарының тарихы.
- ❖ Қазақ халқы өзінің өткен тарихында бірталай рет босқын болу үрдісін басынан кешті. Әрине, қазақ-жоңғар соғысы тұсындағы «Ақтабан — шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен белгілі босқындар тарихы өз алдына бөлек мәселе.
- ❖ Қазақтар Ресей империясының толық отарына айналған соң XIX екінші жартысы мен XX ғасырдың басында және өзегі Ресей болған кеңестік жүйе кезеңінде де босқын болды.

- Босқындар деп саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани сипаттағы агрессивті факторлардың әсерінен тұрғылықты жерін амалсыз тастап кетуге, өзгертуге мәжбүр болған мигранттар деп түсінуіміз қажет.
- Ресей империясының отаршылдық кезеңінде, яғни XIX ғасырдың екінші жартысынан басталып, XX ғасырдың 30-шы жылдары Кеңестік билік тұсында жалғасқан босқындар тарихында өзіндік ұқсастықтар мен ортақ мәселелері бар.

- Ресей империясының отары кезеңінде XIX ғасырдың 80-ші жылдары басталған босқын болу үдерісі 1916 жылғы көтеріліс тұсында, одан кейін өңірде Кеңес өкіметі орнаған соң да жалғасты.
- 1916 жылғы көтеріліс кезінде Жетісу облысынан, Шығыс Қазақстан өңірінен жазалаушы әскердің жүргізген қиянаты мен қысымына, репрессиялық шараларына шыдамаған халық Қытай асып кетті.
- 1918-1920 жылдары большевиктік билік қожалық етіп халыққа көрсеткен қиянатынан тағы біраз халық, оның ішінде ұйғыр, орыс ұлтының өкілдері де бар.
- Ал 1930-шы жылдары негізінен қазақ халқы босқын болып Қазақстанның өз ішінде, бір жерден екінші жерге, Одақ көлемінде Орта Азия республикаларына, Ресейге, Одақтан тыс шетелдер Ауғанстан, Иран, Қытай, т.б. елдерге қоныс аударуға мәжбүр болды.



■ 1916 жылғы жазалау операциялары мен қуғын-сүргіннің салдарынан шекаралық аймаққа жақын орналасқан көтерілісші халықтың едәуір бөлігі Қытай аумағына босып өткен.

■ Алаш зиялысы М. Тынышпаевтың «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 9 желтоқсандағы № 254 санындағы «Жетісу облысындағы босқын қырғыз-қазақ жайы» атты мақаласында былай деп жазады:

➤ «Қазақтың» 237-ші нөмірінде Қытайға босқан қырғыз-қазақтың саны 164 мың, қырылғаны 83 мың, Қытайда қалғаны 12 мың деп көрсетіліп еді. Енді бұл туралы анығырақ есеп-қисап көрсетпекшіміз. Бұл төменгі көрсетілген есеп шын мөлшерінен аз болмаса, көп емес. Піспек, Пржевал уездерінен қашқанның бәрі қырғыз; Жаркент, Алматы уездерінен қашқанның бәрі қазақ (үйсіннің албаны)». Ары қарай Жетісудың осы төрт уезіне қарасты 44 болысты атап көрсетіп «Жоғарғы 44 болыс елде барлығы 47 мың 759 түтін бар, сонан қашқаны 40 мың 250 түтін, қырылғаны 95 мың 200 жан болады» Бұл есепке қарағанда бұл елдердің босқындарынан жартыға таяу адамы қырылған.